

БИЗНЕС ҮЛГІСІ

БӘСЕКЕЛЕСТІК БАСЫМДЫҚТАРЫ

Бірегей географиялық орналасуы

Қазақстан — елеулі ресурстық базасы бар, тиімді орналасқан және Еуропа мен қарқынды дамып келе жатқан Азия нарықтарына өнім жеткізуге бірегей мүмкіндігі бар мемлекет

Құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңінде толық интеграция

ҚМГ құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңінде толық интеграцияланған Қазақстанның мұнай газ саласындағы ұлттық көшбасшы компаниясы

Қаржылық тұрақтылық

Компания өзінің қаржылық тұрақтылығын сақтап келеді және ұзақ мерзімді перспективада өзінің дамуы үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз етеді

Өндіруші активтердің әртараптандырылған портфелі

ҚМГ мұнай және газ өндіру бойынша тартымды өсу әлеуеті бар әртараптандырылған активтер портфеліне ие

Қазақстан мұнайын тасымалдау секторында жетекші орын алады

ҚМГ нарықтағы 57% үлесімен Қазақстанның мұнай тасымалы жөніндегі барлық жобаға қатысады

Заман талабына сай мұнай өңдеу зауыттары

Компания Қазақстанда төрт ірі және Румынияда екі мұнай өңдеу зауытын бақылайды

Компанияның өсуінің жаңа драйвері – мұнай-газ химиясы жобалары

ҚМГ бизнестің жаңа бағытын – мұнай-газ-химия дамытып жатыр. Полипропилен зауыты іске қосылды. Полиэтилен өндіретін зауыттың құрылысы басталды, газ сепарациялық кешен салу жобасын іске асыру мақұлданды.

Корпоративтік басқарудың заманауи жүйесі және тұрақты даму қағидаттарын берік ұстану

ҚОСЫЛҒАН ҚҰННЫҢ

ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ТІЗБЕГІ



БАРЛАУ
ЖӘНЕ ӨНДІРУ



МҰНАЙ
ТАСЫМАЛДАУ



МҰНАЙ
ӨНДЕУ



РЕСУРСТАР

Мұнай мен конденсат өндіру

23,8 млн тонна

тәулігіне 490 мың баррель

Газ өндіру

9,6 млрд м³

Дәлелденген және ықтимал қорлар (2P)

716 млн тонна м.э.

5 551 млн барр. м.э.

Мұнай тасымалдау

83,5 млн тонна:



70,3
құбырлар арқылы
тасымалдау

13,2
теңіз арқылы
тасымалдау

Магистралды мұнай құбырларының жалпы ұзындығы

9 091 км

Мұнай өңдеу

19,2 млн тонна:



14,2
Қазақстандағы
мұнай өңдеу
зауыттары

4,9
Румыниядағы
мұнай өңдеу
зауыттары

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Компанияның еліміздегі мұнай-газ саласының —геологиялық барлаудан бастап мұнай өнімдерін сатуға дейінгі — әрбір сегментіне қатысуы мен көш бастап тұруы көптеген мүдделі тараптар үшін белгілі бір құндылық қалыптастыруға мүмкіндік береді. ҚМГ өз акционерлеріне уақтылы төлем жасап тұрады, инвесторлар мен кредиторлар алдында өз міндеттерін лайықты орындайды, Қазақстанның ірі жұмыс берушісі мен салық төлеушісі. Серіктестермен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейте отырып, әлеуметтік жобаларға инвестиция құяды және экологиялық қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын қамтамасыз етеді.

300 млрд теңге

Акционерлерге төленген дивиденд

1 995 млрд теңге

Бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, ел бюджетіне төленген салық пен басқа да міндетті төлемдер

52,6 мың

Тұрақты жұмыс орындары

25 млрд теңге

Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

3,7 млрд теңге

Жер қойнауын пайдалану келісімшарттары аясындағы әлеуметтік инвестициялар

2 054 млрд теңге

Ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемі ерекше тәртіпті қолдана отырып жүргізілген сатып алулар ескерілмей есептелген

81 %

Сатып алулардағы жергілікті қамту үлесі